

### Депозитордың хабарламасы

*(30.12.2025 жылғы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)*

*1-тармақ «ҚДКБҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 30.12.2025 жылғы № 30 шешімімен жаңа редакцияда баяндалған*

1. Осымен «КМФ Банк» АҚ (бұдан әрі – Банк) депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне өзінің қатысуы туралы Сізді хабардар етеді.

2. "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес Сіздің депозитіңіз (салымыңыз)<sup>1</sup> депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады.

3. Заңға сәйкес кепілдіктің максималды (шекті) сомасы:

- Ұлттық валютадағы жинақ салымдары (депозиттері) бойынша **20 миллион теңге**;
- Ұлттық валютадағы өзге де депозиттер (жинақ ақшадан басқа) бойынша **10 миллион теңге**;
- Шетел валютасындағы депозиттер бойынша **5 миллион теңгені** құрайды.

Егер Банкте түрлері мен валютасы бойынша әртүрлі бірнеше депозиттер (салымдар) орналастырылған болса, онда барлық депозиттер (салымдар) бойынша соманың жиынтық қалдығына кепілдік беріледі, бірақ депозиттің (салымның) әрбір түрі бойынша шектерді ескере отырып, кепілдікті өтеудің ең жоғары сомасынан – 20 миллион теңгеден аспайды.

**Сіздің назарыңызды аударамыз**, төлемге кепілдік өтемақы мөлшері сыйақыны ескере отырып, депозиттегі (салымдағы) қалдықтар сомасына сүйене отырып, Банктің лицензиядан айыру күніне есептеледі және келесі нәтижелер бойынша анықталады:

1) Банк алдындағы берешегіңіздің сомасын, мысалы, кредит бойынша есепке жатқызу;

2) валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша шетел валютасындағы депозиттегі (салымдағы) қалдық сомасын теңгемен қайта есептеу;

3) түрлер мен валюта бойынша әртүрлі банктегі өзге депозиттер (салымдар) бойынша қалдықтардың сомаларын ескере отырып, кепілдік өтемнің жиынтық сомасын есептеу.

**Сіздің депозитіңіз (салымыңыз) бойынша атауы, түрі, валютасы және өзге де шарттары, оның ішінде Заңда белгіленген кепілдік өтемінің ең жоғары (шекті) сомасы Банк пен Сіз арасында банктік шот шартын және (немесе) банктік салым шартын жасасу кезінде сіз қол қоятын өтініште немесе өзге құжатта, оның ішінде электронды түрде нұсқаланады.**

4. Банк барлық банктік операцияларды жүргізуге арналған лицензиядан айырылған жағдайда "Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры" АҚ (бұдан әрі – ҚДКБҚ) Банк лицензиядан айырылған күннен бастап **35 жұмыс күні ішінде** сіздің депозитіңіз (салымыңыз) бойынша Кепілдікті өтем төлеуді бастайды.

Кепілді өтемді төлеудің басталуы мен тәртібі туралы, сондай-ақ кепілді өтемді төлеуді жүзеге асыратын агент-банктер, төлеу кезеңі мен орындары не заңда көзделген жағдайда кепілді өтеуді төлеудің басталуын кейінге қалдыру туралы ҚДКБҚ хабарландыруы Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (Егемен Қазақстан, Казахстанская правда), сондай-ақ өзге бұқаралық ақпарат құралдарында және ҚДКБҚ интернет-ресурсында ([www.kdif.kz](http://www.kdif.kz)) жарияланады.

---

<sup>1</sup> банктік шот шартымен және (немесе) банктік салым шартымен куәландырылған банктік шоттардағы ақша қаражаты

Кепілді өтемді төлеудің басталу күні ҚДКБҚ көрсетілген хабарландыру жарияланған күннен бастап 5 жұмыс күнінен аспайды.

*5-тармақ жаңа редакцияда - "ҚДКБҚ" АҚ Директорлар кеңесінің 30.09.2024 Ж. №24 шешімімен баяндалған.*

5. Кепілдік өтемді төлеу мерзімі төлем басталған күннен бастап 1 жылды құрайды. Кепілдікті өтем алу үшін Сіз агент-банктердің тізімінен таңдалған агент-банкке қағаз жеткізгіште өтініш беруге құқылысыз.

Кепілдік өтемді төлеу сіз растайтын құжаттарды қоса бере отырып, төлемге өтініш берген күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады. Кепілдік берілген өтемді төлеуге өтініш нысандарымен және растайтын құжаттардың тізбесімен сіз ҚДКБҚ интернет-ресурсында таныса аласыз ([www.kdif.kz](http://www.kdif.kz)).

Кепілді өтемді төлеу мерзімінің аяқталу күні туралы ҚДКБҚ хабарламасы төлем мерзімі аяқталғанға дейін 30 жұмыс күні бұрын Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында (Егемен Қазақстан, Казахстанская правда), сондай-ақ өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында және ҚДКБҚ интернет-ресурсында жарияланады ([www.kdif.kz](http://www.kdif.kz)).

*6-тармаққа "ҚДКБҚ" АҚ Директорлар кеңесінің 30.09.2024 ж. №24 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілген.*

6. Кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімі өткеннен кейін (төлем басталған күннен бастап 1 жыл) сіз талап етпеген кепілдік берілген өтем сомасы Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында көзделген тәртіппен "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ) ашқан ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін ҚДКБҚ-ға Сіздің жеке зейнетақы шотыңызға аударылады. Талап етілмеген кепілдік өтем сомасын БЖЗҚ-ға аудару шарттары Заңның 21-1-бабының 2-тармағында айқындалған.

*7-тармақ «ҚДКБҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі № 24 шешімімен жаңа редакцияда баяндалған.*

7. Заңға сәйкес, төлем мерзімі ішінде өтініш беруге кедергі келтіретін дәлелді себеп болған жағдайда, сіз растайтын құжаттарды қоса бере отырып, кепілдікті өтемақы төлеуге ҚДКБҚ-ға жазбаша өтініш беруге құқылысыз (тіпті сіз талап етпеген соманы ҚДКБҚ-ға аударған жағдайда да). Дәлелді себептердің тізбесі Заңның 21-1-бабының 4-тармағында белгіленген. Бұл ретте мұндай өтініш Банк түпкілікті таратылғанға дейін не Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексіне сәйкес ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдеріне құқығыңыз басталғанға дейін (ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін Сіздің жеке зейнетақы шотыңызға талап етілмеген өтем сомасы аударылған жағдайда) берілуі мүмкін.

#### **Банктің лауазымды тұлғасы \***

Т.А.Ә. (бар болса)

ҚОЛЫ

#### **Таныстым/алдым\***

Депозитордың Т. А. Ә. (бар болса)

ҚОЛЫ

\* Банк тарапынан және оның депозиторы тарапынан осы хабарламаға қол қою Банк тарапынан депозитор банк шотының және (немесе) банк салымының шартында көзделген өзге тәсілмен хабардар етілген жағдайда талап етілмейді.